

ӘОЖ 070:316.77:004

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА БІЛІМ МЕН
МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Түлебаева Сандугаш Кенжебаевна

sand.8484@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс
докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Қ.М.Алдабергенов

Аңдатпа. Соңғы онжылдықта, яғни жаһандану кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, қолданудағы сапалық және жылдамдық өзгерістер қоғамның барлық секторларындағы заттарды елеусіз және елеулі қайта құруға алып келді. Сондықтан да болар бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың жаңарып, күрделеніп жылдам әрі серпінді дамуына байланысты медиа саласындағы «медиабілім» термині күнделікті өмірде жиі естіле бастады. Осындай нақты себептер – терге байланысты, қазір бұл термин ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, медиамәдениет және басқа ұғымдармен қатарлас, бір деңгейде қолданылып жүр.

Түйін сөздер. Ақпараттық технология, медиабілім, медиасауаттылық, ақпараттық мәдениет, медиа мәдениет, интернет, мультимедия, медиаконтент, коммуникативтік.

Кіріспе. Бүгінде әлемді бұқаралық ақпарат құралдарынсыз, әлеуметтік медиа және мәдени дамусыз көзалдыңызға елестету мүлде мүмкін емес. Сондықтан да болар бұқаралық ақпарат құралдарының бүгінгі күні адамзат өмірінің өте маңызды да, қажетті салаларының бірі болып саналатындығы.

Жоғарыда атап өткеніміздей бүгінгі күні Интернеттің пайда болып, таралуына байланысты медиабілім міндеттері де айтарлықтай кеңейіп отыр. Осыған орай ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды дамыту үшін интернет қалай жұмыс істейді, ақпараттық ағындар қайда және қалай қозғалады, жеке тұлғаның өз ақпаратын қалай құруға және таратуға болады, әлеуметтік желілер қалай пайдаланылады және т.б. сұрақтарға жауап іздеу үшін ақпараттық сауаттылық қажет. Ал ақпаратқа сауатты болу үшін медиабілімді игеріп қана қоймай, медиасауатты да болған жөн.

Мұның өзі, адамдар үшін барлық жерде мультимедиялық құрылғыларға қолжетімділік және күнделікті тәуелділік «жаңа норма» болып табылатындығын байқатады. Алайда, қазіргі кезде АКТ-ны (Ақпараттық коммуникация технологияларын) күнделікті пайдаланушылардың ішінде жас буындардың саны басым екендігі дау тудырмайды.

Осыған орай күнделікті қабылданатын ақпарат ағыны жастардың психикалық, эмоциялық және адамгершілік денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан мемлекет балаларға қауіпті және қауіп төндіретін ақпаратты (зорлық-зомбылық пен кісі өлтіру, қатыгездік қарым-қатынас, жыныстық зорлық-зомбылық пен порнография, есірткіні насихаттайтын кез келген қанаушылық пен кемсітушілік, алкоголь және т. б. көріністері бар) шектеу үшін заңнамалық деңгейде шаралар қабылдауы тиіс. Осымен қатар шектеу және тыйым салу шараларының тағы бір міндетті тарабы мемлекеттің, қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен халықты тәрбиелеу және оның медиасауаттылығын арттыру жөніндегі бірлескен процесс ретінде медиабілім беруді дамыту болып табылады.

Бұл арада ең бастысы жастар медиаконтентті тек тұтынушы ғана болмай, оны сын тұрғысынан бағалай білуі тиіс. Ол үшін оларға сапалы медиабілім беру қана қоймай оны мектеп қабырғасынан бастау қажеттігі байқалады. Бұл арада балалар мәліметтерді, медиаконтентті алу және бірлесіп пайдалану үшін жаңа технологияларды тиімді қолданып қана қоймай, ең бастысы-тиімді таңдау жасай білуі, медиаконтентті сын тұрғысынан бағалай білуі керек. Мысалы, шетел тәжірибесін алсақ, Ұлыбританияда медиабілім беру саласындағы педагогикалық стратегия- педагогтар ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен студенттің жеке басын дамытуға, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ сыни ойлауды, медиамәтіндерді интерпретациялау, талдау және бағалай білуге үйретеді. Бұдан шығатын қорытынды медиабілім мектептерде, колледждерде және университеттерде оқушылар мен студенттерге жалпы білім беруге интеграциялануы тиіс. Сондай-ақ, оны негізгі пәндермен бірге немесе дербес және қосымша жастар орталықтарында оқытуға болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс» деген болатын. [1]. Сондықтан бұл арада басты мақсат- білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру болмақ. Яғни, оқу бағдарламалары сыни ойлау дағдыларын және өз бетінше іздеу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда медиабілім беруді енгізу және дамыту қажеттілігі үшін маңызды фактор «Цифрлы Қазақстан-2020» бағдарламасы шеңберінде «Ел экономикасын, жекелеген салаларды цифрландыру, сондай-ақ осы мақсат үшін кәсіби кадрларды да, бүкіл халықты да даярлау болып табылады», -деп көрсетілген [2]. Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» заң жобасын әзірлеу кезінде жоғарыда атап көрсетілген талаптарды заңнамалық деңгейде пайдалану қажеттілігі туындайды.

Медиамәдениеттілік пен медиабілім-Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша да өзекті тақырып. Қазақстан жаңа медиа-технологиялардың теориясы мен тәжірибесін дамытуда дамушы мемлекеттерден артта қалып отырған жоқ. Сондықтан бүгінгі таңдағы басты міндеттер-бұл ең алдымен балалар мен жасөспірімдердің медиасауат-

тылық деңгейін арттыру екендігі белгілі.

Медиабілім өткен ғасырдың ортасынан бері белсенді дамып келеді. Яғни, бұл термин тек медиамәтіндерді дайындау дағдысы ғана емес, сонымен қатар әр түрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратқа сыни көзқарас білдіру арқылы шынайы ақпарат

-ты дезинформациялаудан және насихаттаудан ажырата білу, сондай-ақ ақпаратты іздеу үшін ақпараттық көздермен жұмыс істей білу дағдысын игеру деген сөз.

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Өйткені, олар әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды, сондай-ақ өмірлік ұстаным-

дардағы басымдықтарды, мінез-құлық модельдерін және әрбір адамның жалпы бейнесін қалыптастыруға елеулі дәрежеде ықпал етеді. Бұл жағдайда медиаақпарат- тарды өндіру және тұтыну индивидтің дербес қызметіне айналады. Осы туралы: «Бұқаралық ақпарат құралдары жастар үшін ерекше маңызға ие; жастардың рухани белсенділігінің басым бөлігі медиакеңістікпен байланысты, негізінен олардың жеке қарым-қатынасы жүзеге асырылады [3, 48б.]», -деп жазылған. Осы орайда, қазіргі қоғамдағы БАҚ-тың ерекше рөлін ескере отырып, академиялық топтардың өкілдері білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде медиабілім беруді дамыту қажеттілігі туралы жиі мәлімдеме жасайтындығы белгілі.

Медиабілім беру бүгінгі күні өте маңызды. Себебі, оқушылар үйде де, мектепте де түрлі бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізе алады. Бұл тұрғыда пайдалану – шылар мен тұтынушыларға ақпарат мәселелерінде сауатты болуға мүмкіндік беретін жаңа дағдылар мен құзыреттерді дамыту қажет. Медиабағдарламалау, әдетте, мәдени көріністерге және ақпараттық дағдылардың жоқтығына бағытталған сыни өлшемге ие.

Алайда, соңғы уақытта ақпараттық сауаттылық демократия және белсенді азаматтық ұстаным мәселелерімен тікелей байланысты болып отырғанын да ұмытпауымыз керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық сауаттылық көбінесе демократия- лық елдегі жеке тұлғаға қатысты мәселелерімен тығыз байланысты шаруа. Сондық- тан, медиаақпараттағы сауаттылық бірінші орынға шықты. Бұл дегеніңіз кәсіби, тұр- ақты қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік беретін медиаақпараттық қоғамды құру және негізгі жұмыстың басты бөлігі екендігінен хабар беретін ақпарат.

Медиабілім берудің негізгі міндеті жаңа буынды қазіргі ақпараттық жағдайда- ғы өмірге дайындау, түрлі ақпаратты қабылдау және түсіну, оның психикаға әсер ету салдарын сезіну, қарым-қатынастың бейвербалды формалары негізінде және техника- лық құралдар мен қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар көмегімен коммуника- ция тәсілдерін меңгеруге үйрету деген сөз.

Біз, бүгінгі медиасауаттылық-XXI ғасыр адамы үшін ең қажетті дағды деп ай- тамыз. Өйткені, бүгінгі адамдар медиа әлемінде өмір сүреді. Әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланады. Әркім бұл қабылданатын ақпараттың келтірер пайдасы немесе залалы туралы ойланады. Оған мынадай мысал келтіруге болады. Мысалы, ақпаратты тағам- мен салыстыру метафорасы. Адам бұзылған, тым майлы немесе тым қышқыл тағамды жемейді, жеген жағдайда адам денсаулығына зиянын тигізеді. Сол секілді жалған немесе бұрмаланған ақпаратты қабылдауға болмайды. Тіпті, оны оқу, тұтыну да қа- жет емес. Сапалы ақпаратты тұтыну үшін медиабілім қажет. Қазіргі уақытта әлемде медиабілім берудің бірыңғай теориялық тұжырымдамасы жоқ. Бұл мәселеде жеті негізгі тәсілді атап өтуге болатындығы былайша көрсетілген[4,5]:

1. «Инъекциялық» медиабілім теориясы. Бұл теорияны «протекционистік» (медияның зиянды әсерінен сақтандырғыш), «азаматтық қорғау теориясы» деп жиі атайды. Медиабілім берудің басты мақсаты: медианы шамадан тыс қызықтырудың жағымсыз әсерін жеңілдету (негізінен балалар мен жастар аудиториясына қатысты). Медиабілім теориясының «инъекционды» жақтаушылары, әдетте, өз бағдарламалар- ында зорлық-

зомбылық пен жыныстық қарым-қатынас мәселелеріне баса назар аударды. Мұндай тәсіл әсіресе, АҚШ-та көп таралған.

2. Медиабілім теориясы аудиторияның «қажеттіліктерді қанағаттандыру» көзі ретінде. Медианың аудиторияға әсері шектеулі, тұтынушы өз қажеттілігіне сәйкес медиамәтінді өзі дұрыс таңдап, бағалай алады. Осы теориядағы медиабілім берудің басты мақсаты- тұтынушыға өз қажеттіліктеріне сәйкес медиадан барынша пайдалы ақпарат табу.

3. «Практикалық» медиабілім теориясы, «медиабілім көбейту кестесі» ретінде. Осы теорияға сәйкес медианың аудиторияға әсері шектеулі, тұтынушылар өз қажеттіліктеріне сәйкес медиамәтінді өздері дұрыс таңдап, бағалай алады. Бұл жерде медиабілім берудің басты мақсаты-тұтынушыға медиадан өзінің қажеттіліктеріне сәйкес барынша практикалық тәжірибені алуға көмектесу.

4. Медиабілім теориясы «сыни ойлауды» қалыптастыру ретінде. Бұл теорияның жақтастары медианы «төртінші билік» деп есептейді. Бұл ретте медиабілім берудің басты мақсаты-тұтынушыларды медианың манипуляциялық әсерінен қорғау, қазіргі заманғы демократиялық қоғамның ақпараттық ағынына бағдарлануға үйрету.

5. Медиабілім берудің «марксистік теориясы». Осы теорияға сәйкес, медиа қоғамдық пікірді, оның ішінде қандай да бір әлеуметтік таптың мүддесінде өте көп мән – нипуляциялауға қабілетті. Балалар аудиториясы медиа арқылы әсер ету үшін ең жеңіл нысанаға айналады. Медиабілім берудің басты мақсаты: аудиторияда бұқаралық коммуникация жүйесін өзгерту ниетін туғызу, немесе керісінше, ең жақсы қалыптасқан медиа жүйені орнықтыру, бұл жағдайда басқа елдердің, мысалы, батыс елдерінің медиамәдениеті қатты сыналады.

6. Медиабілім берудің «семиотикалық теориясы». Медиа мәтіндерінің көп мән – ді таңбалы сипатын көрсетуге тырысады, бұл медиаақпаратты тұтыну еркіндігіне қауіп төндіреді. Медиамәтіндерді оқуға қатысты тым пассивті аудитория балалар аудиториясы (орта мектеп деңгейі және одан төмен). Медиабілім берудің басты мақсаты-балаларға медиамәтінді дұрыс оқуға көмектесу.

7. Медиабілім берудің «мәдениеттанулық теориясы». Бұл теорияны жақтаушылар медиа медиамәтіндерді түсіндіруден гөрі ұсынғанды жөн көреді. Аудитория әрқашан медиамәтіндермен диалогта және оларды бағалау процесінде болады. Аудитория медиаақпаратты оқып қана қоймай, қабылданатын медиамәтіндерге әр түрлі мағыларды қабылдап, оларды өз бетінше талдайды. Медиабілім берудің басты мақсаты: тұтынушыға медианың қабылдауды, білімді және т. б. қалай байыта алатынын түсінуге көмектесу. Бұл теориялардың барлығы әр түрлі, бірақ бәрі біздің әлемде медиабілім –нің маңыздылығын көрсетеді. Медиамәдениет - мәдени кеңістіктегі өзара іс-қимылдың ерекшелігі құндылық бағдарларын, зияткерлік және эмоциялық саланы қалыптас-тыруға, ал соңғы нәтижесі ретінде-қазіргі және болашақ ұрпақтың өмірлік позициясын қалыптастыруға ықпал етеді [6]» делінеді.

Қорыта келгенде, осындай ұзақ мерзім ішінде медиабілім адамзат өміріне бойлай енгенін байқаймыз. Сондықтан, біздер қаласақ та, қаламасақ та медиадан яғни, ақпарат ағынынан жасырынып қала алмаймыз, ол барлық жерде бар. Бүгінгі таңда бұл мәселеге назар аудару өте маңызды. Өйткені, өркениеттен қалмай ілесу үшін медиабілімді игеріп, медиасауатты болу өте маңызды, өйткені «медиабілім» -бұл үйрену және оқыту процесі. Ал «медиасауаттылық» - бұл нәтиже, яғни тұтынушы алатын білім мен дағды. Бұл білім мен дағды «Цифрлы дәуір» мүмкіндіктерін пайдалану үшін маңызды қажеттілік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жолдау « Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [Электрон.ресурс]. - 2018.-URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana (қаралым күні 27.02. 2020)
2. Об утверждении Государственной программы "Цифровой Казахстан". Постановление Правительства Республики Казахстан [Электрон.ресурс]. - 2017.– URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (қаралым күні 27.02. 2020)
3. Жижина М.В. Media Education. 2016 №4-48с.
4. Федоров, А. В. Медиаобразование: История, теория и методика // М.: МОО «Информация для всех», 2015. 450с
5. Жилаевская, И. В. Медиаобразование молодежной аудитории // монография. Томск: ТИИТ, 2009. 322 с.
6. Чельшева, И. В. Трансформация развития эстетической концепции в российском медиаобразовании (1960-2011) - Таганрог : Изд-во Таганрог, ин-та имени А.П. Чехова, 2014